



«Бекітемін»

№25 мектеп директоры

Т.Ә. Т.Әбжелел

« 4 » қыркүйек 2023 ж.

«Келісілді»

Аудандық білім бөлімінің әдіскері

Н.А. Н.Амангелдіқызы

« 5 » қыркүйек 2023 ж.

ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГ ҚЫЗМЕТІ БОЙЫНША ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрі
2022 жылғы 27 тамыздағы № 382 бұйрығы

Білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің іске асуы мен негізгі міндеттері білім алушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу принциптері Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің м.а. 2022 жылғы 25 тамыздағы № 377 «Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен негізделеді.

Психологиялық қызметтің мақсаты - білім алушыларды табысты оқыту, дамыту, әлеуметтендіру және кәсіби білім беру траекториясын саналы тандауды қалыптастыру үшін психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік жағдайлар жасауға бағытталған

Психологиялық қызметтің міндеттері:

- 1) Оқыту процесінде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің даму жағдайын психологиялық-педагогикалық талдау, негізгі проблемалар мен олардың туындау себептерін анықтау, оларды шешу құралдарын айқындау, сондай-ақ ұжымның педагогикалық қызметі үшін қауіпсіз орта құру;
- 2) оқу процесінде баланың психологиялық-педагогикалық мәртебесін және оның психологиялық даму динамикасын мониторингтеу; білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу қызметін дараландыруға жәрдемдесу;
- 3) білім алушылардың жеке ерекшеліктері мен ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, оқыту нәтижелеріне қойылатын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарын орындауға жәрдемдесу болып табылады;
- 4) әлеуметтік қауіпсіздік, психологиялық денсаулық проблемаларын еңсеруге және деструктивті мінез-құлқ нысандарының алдын алуға, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді бейімдеу, оқыту және тәрбиелеу қиындықтарына бағытталған жеке дамыту және түзету-дамыту бағдарламаларын әзірлеу және енгізу;
- 5) жаңа әлеуметтік тәжірибені саналы және белсенді түрде беру арқылы білім алушылар мен тәрбиеленушілердің бойында өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі жетілдіруге әмбебап оқу дағдыларын қалыптастыру мен қабілеттерін дамытуға жәрдемдесу болып табылады;
- 6) білім беру процесіне қатысушыларға, олардың жеке құқықтарына қысым жасамай, өзара көмек, эмпатия, жауапкершілік, өзіне сенімділік, шешім қабылдау қабілеті, белсенді әлеуметтік өзара іс-қимыл қағидаларын тәрбиелеу мен қалыптастыруға жәрдемдесу болып табылады;
- 7) Білім беру ұйымының психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік қолдау саласындағы ғылыми және практикаға бағдарланған жетістіктерін тарату және практикаға енгізу болып табылады;
- 8) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жеке мүмкіндіктері мен ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, оларды әлеуметтендірудің тиімді жағдайларын жасау үшін білім беру процесіне қатысушыларға психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу көрсететін педагогтер мен мамандардың панааралық, командалық өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;
- 9) білім беру ұйымының алқалы органдарымен және білім беру, денсаулық сақтау, халықты әлеуметтік қорғау, Ішкі істер мүддені органдарымен өзара іс-қимыл жасау болып табылады.

№	Іс-шаралар	Жұмысты н бағыттары	Нысаналы топ	Орындау мерзімі	Орындау нысаны	Жауапты	Орындау туралы белгі
---	------------	---------------------------	-----------------	--------------------	-------------------	---------	----------------------------

І. Диагностика

1	Оқушының мектепке психологиялық дайындығын зерттеу; Жүргізілетін әдістеме: «Керн-Йирасек» тесті 1) Адамның суретін салу 2) Сөздеркөшірмесі 3) Нүктелеркөшірмесі	Диагностика	1 сынып	Қыркүйек	Тест	Педагог – психолог	Анықтама
2	Бесінші сынып оқушыларының орта буынға бейімделу кезеңінде психологиялық дайындығын зерттеу; Жүргізілетін әдістеме: «Менің сыныбым» әдістемесі «Социометрия» әдісі	Диагностика	5 сынып	Қыркүйек Казан Желтоқсан	Проективті әдістеме	Педагог – психолог	Анықтама
3	Жасөспірімнің психикалық саулығын бағалау Жүргізілетін әдістеме: DASS шкаласы /7-11 сынып/ НСВ-10 тесті /5-6 сынып/	Диагностика	5-11 сынып	Казан	Сауалнама , тест	Педагог – психолог	Анықтама
4	Оқушының психологиялық саулығын бағалау шкалалары Эссе: «Өзіңді мақта» /5 сынып/ «Менің армандарым» /6 сынып/ «Менің өмірім» /7 сынып/ «Менің айтпаймаған сырларым» /8 сынып/ «Мен өзгерткім келеді» /9 сынып/ «Мен тандаған өмір» /10 сынып/ «Болашаққа хат» /11 сынып/	Диагностика	5-11 сынып	Қараша	Эссе	Педагог – психолог	Анықтама

6	Темперамент	Бастауыш сынып оқушыларының танымдық процестерін анықтау (зейін, ес, қиял, ойлау т.б)	Диагностика	2-4 сынып	Желтоқсан	Тест	Педагог – психолог	Анықтама
7	Д. Голландтың кәсіби-туғалық типін анықтау тесті Қызығушылық картасы (Голомшгок)	Диагностика	9, 11 сынып	Қазан Қаңтар	Тест, сауалнама	Педагог – психолог	Анықтама	
8	Жасөспірімінің психикалық саулығын бағалау Жүргізілетін әдістеме: DASS шкаласы /7-11 сынып/ НСВ-10 тесті /5-6 сынып/	Диагностика	5-11 сынып	Наурыз	Сауалнама , тест	Педагог – психолог	Анықтама	

II. Түзету-дамыту жұмысы

1	Бірінші сынып оқушыларын мектеп өміріне бейімделуіне психологиялық сабақ: 1.«Кел танғысайық» тренингі 2.«Алақай мен оқушымын» тренингі 3. «Біздің сынып-бұл біз» тренингі 4. «Мектептегі көңіл-күй» тренингі	Түзету – дамыту	1 сынып	Токсанына 1 рет	Тренинг	Педагог – психолог	Анықтама
2	Бесінші сынып оқушыларын бастауыш буыннан орта буынға өту кезіндегі бейімделуіне психологиялық сабақ: 1.«Бірінші рет 5 сыныпқа» тренингі 2. «Менің мектептегі сезімім» тренингі 3. «Мен өзімді мақтай аламын» тренингі 4. «Реніштен арылду» тренингі	Түзету – дамыту	5 сынып	Токсанына 1 рет	Тренинг	Педагог – психолог	Анықтама
3	Мектеп бітіруші 11 сынып оқушыларын ҰБТ-та және мамандық таңдауға педагогикалық-психологиялық бағытта психологиялық сабақ: 1.«ҰБТ дегеніміз не және оның мен үшін маңыздылығы қандай?» 2. «Кәсіптік бағдар: Кім болғым келеді?» тренингі 3.«Емтихан кезіндегі стресстен қалай арыламыз?» тренингі 4.«Толеранттылық (төзімділік) деген не?» тренингі	Түзету – дамыту	11 сынып	Токсанына 1 рет	Тренинг	Педагог – психолог	Анықтама

	«Пікірталас –жанжал емес»	Түзету –дамыту	6 сынып	Қазан	Тренинг	Педагог – психолог	Анықтама
5	«Мен өзімді мақтай аламын»	Түзету –дамыту	4 сынып	Қазан	Тренинг	Педагог – психолог	Анықтама
6	«Қауіпті жағдайлар. Сыпайы бас тарту»	Түзету –дамыту	3 сынып	Қараша	Тренинг	Педагог – психолог	Анықтама
7	«Ашу-ыза билгенде не істеу керек?»	Түзету –дамыту	10 сынып	Желтоқсан	Тренинг	Педагог – психолог	Анықтама
8	«Күйзелістен қалай арылтуға болады?»	Түзету –дамыту	8-9 сынып	Желтоқсан	Тренинг	Педагог – психолог	Анықтама
9	«Реніштен арылу»	Түзету –дамыту	6 сынып	Қаңтар	Тренинг	Педагог – психолог	Анықтама
10	«Ой, сезім, мінез-құлық»	Түзету –дамыту	8 сынып	Қаңтар	Тренинг	Педагог – психолог	Анықтама
11	Бастауыш сынып оқушыларының танымдық процестерін түзету- дамыту жаттығулары	Түзету –дамыту	2-4 сынып	Қаңтар	Тренинг	Педагог – психолог	Анықтама
12	«Өтініш және менің отан деген қарым-қатынасым»	Түзету –дамыту	7 сынып	Ақпан	Тренинг	Педагог – психолог	Анықтама
13	«Менің құқықтарым»	Түзету –дамыту	9 сынып	Ақпан	Тренинг	Педагог – психолог	Анықтама
14	«Қиын жағдайлардан не үйреніміз?»	Түзету –дамыту	10 сынып	Сәуір	Тренинг	Педагог – психолог	Анықтама
<i>III. Профилаттика және психологиялық азыртту</i>							
15	«Балалар үшін бірігейік» сынып жетекшілерді ақпараттандыру	Ағарту жұмысы	5-11 сынып жетекшілері	Қыркүйек	Жадынама тарату Жиналыс	Педагог – психолог	Хаттама
16	Жеткіншектердің психологиялық денсаулығын сақтау және нығайту. «Менің психологиялық денсаулығым»	Профилаттика	7-8 сынып	Қараша	Дәріс	Педагог – психолог Емхана, ЖБО мамандарымен бірлескен жұмыс	Анықтама
17	Қыз балалармен психикалық саулығын нығайту, тәртіпсіздіктің алдын алу, жеке бас қауіпсіздігін сақтауға бағытталған кездесу өткізу	Ағарту жұмысы	7-10 сынып	Желтоқсан	Кездесу	ДТО Педагог – психолог Мектеп	Анықтама

8	«Репродуктивті дағдылары» саулық. Оны сақтау	Профилактика	8-10 сынып	Қаңтар	Дәріс, кеңес беру	Педагог – психолог Емхана, ЖБО мамандарымен бірлескен жұмыс	Анықтама, хаттама
19	Психологиялық апталық:	Ағарту жұмысы	1-11 сынып, ата-ана, мұғалімдер	Ақпан	Апталық	Педагог – психолог Сынып жетекшісі	Қорытынды есеп
20	Ер бағалармен психикалық саулығын нығайту, тәртіпсіздіктің алдын алу, жеке бас қауіпсіздігін сақтауға бағытталған кездесу өткізу	Ағарту жұмысы	7-10 сынып	Ақпан	Кездесу	ДТО Педагог – психолог Мектеп аяқаны Мектеп инспекторы	Анықтама
21	«Менің мектебім буллингке қарсы» акциясы	Ағарту жұмысы	5-9 сынып	Ақпан	3 күндік акция	ДТО Педагог – психолог Әлеуметтік педагог	Қорытынды есеп

IV. Консультация беру

	1,5 сыныпқа жүргізілген диагностикалық жұмыстың қорытындысы бойынша кеңес беру	Кеңес беру	1,5 сынып оқушылар	Қыркүйек	Кеңес	Педагог – психолог	Кеңес беру журналына тіркеу
2	Ерекше білім беруді кәжет ететін оқушыларға сабақ беретін пән мұғалімдері, ата-аналарға психологиялық сүйемелдеу	Ағарту жұмысы	Пән мұғалімдеріат а-аналар	Қыркүйек	Кеңес	Педагог – психолог	ШПК хаттамасы
3	Жасөспірімнің психикалық саулығын бағалау шкаласы бойынша анықталған оқушылармен сұхбат жүргізу, «Жоғарғы қадаталау тобына» алынатын оқушымен жеке сұхбат жүргізіп, ата-анасын хабардар ете отырып, арнайы маманға жолдау;	Кеңес беру	5-11 сынып	Кезінде	Кеңес	Педагог – психолог	Кеңес беру журналына тіркеу
4	Сұраныс (сынып жетекшісі, пән мұғалімі, ата-ана) негізінде жеке және топтық кеңес беру	Кеңес беру	Мұғалім, ата-ана, оқушы	Кезінде	Кеңес	Педагог – психолог	Кеңес беру журналына тіркеу

У.Ұйымдастыру-әдістемелікжұмыс

1	Психологиялық қызмет бойынша жыл бойы жүргізілетін зерттеу жұмыстарына, өткізілетін психологиялық түзету-дамыту сабақтарына ата-аналар рұқсатын алу	1-11 сынып ата-аналары	Қыркүйек	Келісім парағы	Педагог – психолог Сынып жетекшісі	Келісім парағын жинақтау
2	Ата – аналар жиналысы №1.«Балалар үшін бірігейік» ата-аналарды ақпараттандыру жиналысы №2. «Бала құқығы, зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбында мектеп институттары, мектеп аяқаны, емхана психологі маманмен бірлескен жиналыс №3. «Кәметке толмағандар арасында суицид, құқықбұзушылық, ертежүктіліктің алдын алу» тақырыбында ата-аналарды ақпараттандыру жиналысы №4. «Оқушылардың жазғы демалыс кезінде қауіпсіздігі» тақырыбында жиналыс	Ата-аналар	Токсанғына 1 рет	Жаднама тарағу Жиналыс	ДТО Педагог – психолог Әлеуметтік педагог Сынып жетекшісі	Хаттама
3	Психологиялық қызмет, алқалық органның отырысында атқаратын жұмыстарды үйлестіру, талқылау	ПҚ мүшелері	Кезінде	Жиналыс психолог Әлеуметтік педагог	ДТО Педагог –	Хаттама
4	ПҚ жартыжылдық және жылдық қызметі туралы талдамалық есептер		Жарты жылдық		Педагог - психолог	Қорытынды есеп

Педагог-психолог:

Қожахмет Г

2023 – 2024 оқу жылында мектептегі психологиялық қызметті ұйымдастыруда атқарылған жұмыстары

Психологиялық қызметтің жылдық жоспары, бұйрықтар шығарылып, лауазымдық міндетр дайындалды. Оқушылардың психологиялық картасы жинақталды.

Мектеп бойынша 1 – 11 сынып ата-аналарының жыл бойы баламен жүргізілетін жұмыстарына келісімін алу мақсатында қолхат таратылып, жинақталды (психологиялық қызметтің жылдық жоспарға сай жұмыс жүргізуге қарсы болған ата-ана жоқ).

«Отбасы – мектеп» жобасы аясында психологиялық қызметтің ұйымдастыруымен баламен дұрыс қарым-қатынас жасауына ықпал ету, баланың даярлығын бағалау, бала тәрбиесінде жауапкершілікті арттыру мақсатында 1 және 5 сынып ата – аналармен «Отбасы – Отанымыздың ошағы» тақырыбында тренинг өткізілді. «Бірінші сынып оқушыларының мектепте оқуға бейімделуі», «5-сынып оқушыларының бейімделу ерекшеліктері», «Балалар үшін бірігейік» тақырыбында ата – аналарға жадынамалар таратылып, ақпараттандырылды.

"Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидалары туралы" және Ұлттық білім Академиясы ұсынған "Білім беру ұйымдарының білім алушылары арасындағы аутодеструктивті мінез - құлықтың алдын алу" бағдарламасы туралы мектеп әкімшілігі мен сынып жетекшілерге, мектеп мейіркешіне түсіндіру жұмысын жүргізді.

«Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың пән мұғалімдеріне әдістемелік көмек және психологиялық сүйемелдеу» тақырыбында ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға сабақ беретін пән мұғалімдерімен сынып жетекшілерімен кездесу өткізілді. Кездесу барысында мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Қ.Қуандықовпен педагог – психолог Г.Қожахмет Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері» туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстырды.

Ерекше білімді қажет ететін оқушыларға түзеті-дамыту жоспары құрылып, сол жоспар бойынша төмендегі жұмыстар жүргізілді. Мектептегі ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар тізімге алынды. Оқушылардың құжаттары жинақталып, дефектологтың түзете-дамыту жұмыстарымен ата-аналардың өтініші мен келісімімен сабақ кестесі құрылған. Жеке және топтық жұмыстар жүргізілуде ЕББҚ оқушылар мектепшілік ұйымдастырлығын спорттық Сайыстарға, іс-шараларға қатыстырылып сонымен қатар мектепшілік үйірмелерге тартылуда. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі ұйымдастырылды. Бұйрық шығарылып, жоспар құрылды. Жоспар бойынша жұмыстар жүргізілді.

2023-2024 оқу жылында психологиялық-педагогикалық консультация бойынша -6 оқушы
Үйден оқитын -3 оқушы

1. Айтбай Мансұр -тірек –қимыл қозғалыс аппаратының бұзылысы Зияттық бұзылыс(жеңіл) тәртіп бұзушылығымен -3сынып үйден оқу

2. Айболатұлы Ерсін--Зияттық бұзылыс жеңіл тәртіп бұзушылығымен 8- сынып үйден оқу

3. Қуантаев Нұрлыбек –Тірек –қимыл қозғалыс аппаратының бұзылысы. Сөйлеу тілінің жалпы дамуының 1- деңгейлі бұзылысы. 9-сынып үйден оқу.

Мектеп партасында оқитын ерекше білімді қажет ететін оқушылар:

1. Жетес Ақмаржан-соматикалық сырқат түрі-10сынып

2. Жетес Дильназ-соматикалық сырқат түрі-9сынып

3. Сырлыбай Іңқар-көру қабілетінің зақымдалуы –нашар көретін-2сынып

4. Бодан Ерасыл-соматикалық сырқат түрі-4-сынып

5. Кәрібай Айару-жалпы сөйлеу тілі дамымауының 3-деңгейлі бұзылысы-1-сынып

6. Жалдибаев Ақниет –жалпы сөйлеу тілі дамымауының 2-3 деңгейі -2-сынып

5 – 11 сынып оқушылары арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алуға байланысты сынып жетекшілер бірлестік отырысында психологиялық кеңес берілді. Кеңес барысында сынып жетекшілерге сыныбында мінез-құлқында өзіне тән емес өзгеріс пайда болған оқушылар болса психологиялық қызметке хабарлама беру туралы айтылып, сонымен қатар, оқушылардың әлеуметтік желідегі парақшаларының үнемі бақылауда болуы туралы ескертілді.

«Бала тәрбиесіндегі ата-ананың ролі» тақырыбында өткізілген мектепшілік ата-аналар

жиналысында мектептің психологиялық қызметі ата-аналарға «Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу жолдары» тақырыбында топтық кеңес жүргізіп, ақпарат берді. «Баланың психикалық тұрғыдан сау болуы, оның толыққанды сау болуының кепілі. Өз балаңыздың бойынан қандай да бір өзгеріс байқаған жағдайда және қандай өзгерістер пайда болатындығы» жайлы түсіндіріліп, осындай жағдай орын алса, мектептің психологиялық қызметіне хабарлама беру туралы ескертілді. Мектеп оқушыларының психикалық саулығын сақтау және нығайту жолында бірлесе жұмыс жасағанда ғана балалардың өмірінің қауіпсіздігін сақтауға болатындығы айтылды.

Сонымен қатар, отбасы тәрбиесінің құндылығын, бала тәрбиесіндегі ата-ананың алатын орнының ерекшелігін ұғындыру, ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту мақсатында «Ата – ана, балаңыздың қайда, кіммен жүргенін білесіз бе?» атты тренинг жүргізілді. 1-11 сынып ата-аналарына «Балалар үшін бірігейік» тақырыбында жадынама, кеңестер айтылды. Сондай – ақ «Бірінші сынып оқушыларының ата-аналарына психологиялық қолдау көрсету жолдары» тақырыбында жадынама таратылды. Психологиялық кеңеспен танысқан ата-аналар кері байланыс берді.

5-сынып оқушыларын орта буынға бейімделу кезеңінде психологиялық дайындығын зерттеу мақсатында, «Менің сыныбым» әдістемесі, мектепке, оқуға деген қызығушылығын анықтау мақсатында «Оқу мотивациясын анықтау» сауалнамасы, қобалжуды анықтау мақсатында «Филлипс» сауалнамасы алынды. Әдістеме нәтижесі өңделіп, орта буынға бейімдеуге қолдау көрсету мақсатында 5-сынып оқушыларымен «Бесінші сынып дегеніміз не?» тренингі жүргізілді, және оқушылардың бойларындағы қабілетін аша білу, бір-бірімен жақсы қарым-қатынаста болуын қалыптастыру мақсатында «Менің қолымнан бәрі келеді» тақырыбында психологиялық тренингі өткізілді.

7 - 8 сынып оқушыларымен жанжал жағдайларында мінез– құлықтың сындарлы амалдарын дамыту, сенімділік тәжірибесін толықтыру, құрбыларымен зорлық-зомбылықсыз өзара сыйласымды қарым-қатынас жасауға дағдыландыру мақсатында «Пікірталас – жанжал емес» тренингі өткізілді.

«Жасөспірімнің психикалық саулығын бағалау» мақсатында 5-11 сынып оқушыларынан «Dass», «НСВ-10» әдістемесі алынып, 5-6 сыныптар бойынша НСВ -10, 7-11 сынып бойынша «Dass» шкаласы жүргізілді.

1- сыныпқа 30 оқушы қабылданды. 1-сыныпқа оқушыларды қабылдау жөнінде комиссия құрылып, баланың мектепке бейімделу деңгейін, даму динамикасын зерттеу мақсатында Керн-Йерасектің оқушының мектепте оқуға даярлығын анықтау әдістемесі, Р.С.Немова әдістемесі «Баланың қоршаған дүниені бағдарлай алуы және тұрмыстық білім қорын анықтау» жұмыстары алынып, нәтижесі шығарылды.

1-сынып оқушыларымен «Бірінші сыныпқа бейімделу керек», «Жүрек», «Мейірімділік», «Тыныштық» «Біз біргеміз» тақырыптарында психологиялық тренинг өткізілді.

2-сынып оқушыларымен «Бастауыш сынып оқушыларымен психологиялық ойындар», «Менің досым-мектеп портфелі», «Мектептегі көңіл- күй», «Бәрі менің қолымнан келерінен сенемін!» тақырыптарында психологиялық тренинг өткізіліп, «Менің отбасым» проективті тесті, танымдық үдерістерді анықтауға арналған жұмыстар жүргізіліп («Баспалдақ», «Өрнекті жалғастыр», «Не артық?», «Есте сақта» әдістемелері) нәтижелері шығарылды.

3- сыныпқа «Кім боласың?» , «Кактус» проективті тесті алынды. «Мейірімділік», «Танымдық қабілетті арттыруға арналған ойындар», «Достық қарым- қатынас» тақырыптарында психологиялық тренинг өткізіліп, хаттамаланды.

4- сыныптар бойынша «Танымдық қабілетті арттыруға арналған ойындар», «Сенімділік күш береді», «Ізгілік қарым -қатынас» , «Зейін, ес қиял- өзгеше бір әлем», «Бәрі менің қолымнан келерінен сенемін!» тақырыптарында психологиялық тренинг өткізіліп, «Кім боласың?» , «Кактус» проективті тесті алынды.

5- сыныптарға орта буынға бейімделуіне байланысты психологиялық түзете-дамыту сабақтары «5- сынып дегеніміз не?», «Орта мектептегі жаңа оқушы» «Бірінші рет 5- сыныпқа», «Біз 5сыныпқа үйрендік пе?», «Дос болайық бәріміз», «Татулық- достық кілті», «Өмір- ғажап», «Жүректен жылу таратқан» тақырыптарында психологиялық тренинг өткізілді. «Бастауыш сыныпта ерекше есімде қалғаны», «5- сыныпта менің көргім келеді...» еркін тақырыпта эссе жазылды.

Ю.В. Валентиннің тұжырымдамасы бойынша «Мен...» сөйлемді аяқтау тапсырмасы орындалды.

